

Есіл аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 қыркүйектегі № 8С-38/3 шешімі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Күші жойылды деп танылсын:

Есіл аудандық мәслихатының "Есіл ауданы бойынша халқы үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" 2022 жылғы 21 шілдедегі № 28/3 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №28996 болып тіркелген);

Есіл аудандық мәслихатының "Есіл аудандық мәслихатының 2022 жылғы 21 шілдедегі № 28/3 "Есіл ауданы бойынша халқы үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 36/3 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8509 болып тіркелген).

2. Осы оның шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Есіл аудандық мәслихаты төрайымының
өкілеттігін уақытша жүзеге асырушы*

Е.Челюбеева